

Бисолтан Л.А., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, педагогикалық факультет, топ МПНО-22-1к, магистрант

Сейтенова Г.Ж., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, педагогикалық факультеті, топ ПМНО-21(2), студент

(Ғылыми жетекші— п.ғ.қ., қауымдастырылған профессор Шаяхметова М.Н.)

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Қазақ тілі пәні халықтың тіл мен әдеби шығармашылықта көрініс тапқан рухани мәдениетін зерттейтін тұтас жүйе ретінде оқушыларға жалпы филологиялық білім берудің негізін қалайды. Оқытудың мақсаты – тілдік сипаттамалық функционалдық жүйені, тіл жүйесінің құралдарын пайдалану нормаларын, сөздік қорын, синтаксистік құрылымын байыту негізінде тілдік, сөйлеу, коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру арқылы шығармашылық белсенді тілдік тұлғаны тәрбиелеу. Сөйлеу, біртұтас сөйлем құру заңдылықтарын, қарым-қатынастың жалпы мәдениетін, сөйлеуді және тілді шығармашылықпен қолдануды жетілдіру механизмдерін меңгеру. Бұл мақсат қоғамның өскелең ұрпақтың бәсекеге қабілеттілігі үшін функционалдық сауаттылығын арттыру қажеттілігімен айқындалады.

Бүгінгі таңда мемлекетіміздегі мектептердің басты мәселелерінің бірі оқушының функционалдық сауаттылығын арттыру екені баршамаызға аян.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі формалары:

- ✓ Өртүрлі технологияларды таңдай білу және қолдана білу.
- ✓ Проблемаларды көру және оларды шешу жолдарын іздеу қабілеті.
- ✓ Өмір бойы білім алу қабілеті.

Мұғалімнің міндеті – оқушыларға білім беру емес, білімді өз бетінше меңгеруіне жағдай жасау. Қазіргі оқушыларда прагматикалық ойлар, эмансипация және тәуелсіздік бар, бұл өзгерістер практикалық дағдылардың қалыптасуына жағымды әсер етеді. Енді сабақтар әлеуметтік тұрғыда құрылған педагогикалық жағдаяттарға негізделуі керек, онда оқушылардың іс-әрекеті жеке тұлғаның қажетті қасиеттерін тәрбиелейді. Мысалы, жауапкершілікті өз мойнына алу, шешім қабылдау, топта ізбасар және көшбасшы ретінде әрекет ету, сын айту, басқаларға көмектесу, үйрену қабілеті және т.б. Мұндай сабақтардың сипаты түбегейлі өзгереді. Онда өзара сенім, өзара көмек, ынтымақтастық атмосферасы қалыптасып отыр. Мұндай ортада бала тыныш және сенімді, яғни ол өзін жайлы сезінеді. Сабақтар жан-жақты, эмоционалды, белсенді және шығармашылық тұрғыда болады. Нәтиже әрқашан әртүрлі. Бұл сабақтың тақырыбына, оқушылардың қабілеттеріне, ал қазір маңыздысы баланың эмоционалдық жағдайына байланысты. Әдістемелер мен стратегиялардың алуан түрлілігі белсенділік пен рефлексияға кең өріс береді. Қазақ тілі сабақтарында оқушылар көбірек ұнататын стратегиялар: «PRIMA», «Алты ойлау қалпағы», «Блумның түймедағы», «РАФТ», «Кубизм», «Мозаика», «Джигсо», «Синквейн». Сабақтарда жиі қолданылатын әдістер: кестелердің әртүрлі түрлері (Т-кесте, концептуалды және т.б.), кірістіру, түйінді сөздер, кластер, болжау ағашы, визуализациялық дәріс, материалды болжаудың әртүрлі әдістері, шатасқан логикалық тізбектер, ассоциациялар.

Өз тәжірибемізде бастауышта оқу және жазу кезінде қандай қиындықтар кездеседі?


- Оқу жылдамдығының төмендігі;
- Сөздерді қате оқу, мағынасына мән бермей, автоматты оқу;
- Ана тіліміздегі көп сөздердің нақты мағынасын аша алмау;
- Оқыған мәтін бойынша берілген тапсырмаларды бірден орындай алмау;
- Өз ойын жүйелі жеткізе алмау;
- Жиынтық бағалау кезінде тапсырмаларды өздігінен түсініп оқып, орындай алмау.

Бұлардың көпшілігі оқушылардың кез келген мәтінді түсініп оқу дағдысының төмендігінен деп білеміз. Біз, ұстаздар қауымы сабақ барысында көбінесе оқып, жаза алмайтын оқушыларға көп уақытымызды бөлуге тура келеді де, керісінше, оқуға машықтанып келген оқушылардың жұмысын бір уақытта қалай тексеруге болады? Олар оқыған сөздерін, сөз тіркестерін, сөйлемдерінің мағынасын ажырата ала ма, түсіне ме? Міне, соларды бір уақытта тексеру үшін біздің ұстаздар түрлі кеспе қағаздарын, яғни үлестірмелі парақша қолданады.

Үлестірмелі парақша – оқушы үшін қызықты тапсырма, өткен сабақтан түсінгенін миға бекіту, бояу, сәйкестендіру арқылы ой өрісін, қолының моторикасын дамыту болса, оқытушы үшін: берген білімді, тапсырманы біруақытта тез әрі оңай тексеру.

Сыныптағы білім сапасын арттыру, сабақты жақсартуда «Lesson Study A, B, C үш деңгейлі оқушыны және де тиімді әдіс-тәсілдерді зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Зерттеу кезеңі Lesson Study –ға қатысушы мұғалімдердің санына қарай үш немесе одан да көп циклдан тұрады[1, 6-бет].



Жұмыс барысында әдебиеттік оқу пәні сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыратын тиімді әдіс-тәсілдерді анықтадық.

Тиімді әдіс-тәсілдер:

Сабақтың тақырыбы: «Қоян» (орыс халқының ертегісі)

Сабақтың мақсаты: оқушылар ертегінің негізгі ойын анықтап, рөлге бөліп оқиды.

«Т» кестесі әдісі

Тапсырма: «Т» кестесінің бірінші бөлігінде берілген сөздер кімдерге тиесілі? Иесін тап.

Сөйлемдер	Кейіпкерлер
– Көптен бері ауырып жүрмін. Емделейін деп едім.	
– Қай жерің ауырады?	
– О, таптым, таптым!	
– Табаныңа түсіп кетіпті ғой.	

Осы тапсырма арқылы сабақ мақсаты ашылып, оқушылар кейіпкерлердің сөздерінің иесін тапты. Қызығушылықпен түсініп оқуға тырысты. Бұл әдісті кез-келген көркем әдеби шығарманы оқу кезінде пайдалануға болады.

«Т» кестесі әдісін келесі сабақта Ыбырай Алтынсаринның «Аурудан аяған күштірек» тақырыбын өткен кезде адамның бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерін талдау мақсатында қолдандық.

Тапсырма: «Т» кестесіне төменде берілген қасиеттерді жіктеп жаз.

Қамқор, шыншыл, ұшқалақ, шыдамды, жалқау, өтірікші, батыл, шыдамсыз, ержүрек, қорқақ, талапты.

Оқушылар бұл тапсырманы да қызығушылықпен орындады. Тек бірнеше оқушы ұшқалақ сөзінің мағынасын түсінбей, қиналды. Түсіндіру жұмыстары түрлі мысалдар арқылы жүргізіліп, оның жағымсыз іс-әрекет екені бекітілді. Бұл ретте қазіргі қалалық балалардың ана тіліндегі сөздік қоры төмендеу екендігін байқаймыз. Сондықтан да бұл жұмыс та өте тиімді болды.

«Туісті сөзді тап» әдісі

Тапсырма: төменде берілген сөйлемдерді толықтырып жаз[2, 48 б.].

Бұл мәтінді Ыбырай _____ жазған. Ол ағартушы _____. Оның «Кел, _____!» деген өлеңі бар. Ыбырай Алтынсарин _____ ашқан.

Бұл тапсырманы сабақтың қорытынды бөлімінде алған тиімді екеніне көзіміз жетті. Оқушылардың байқағыштығын, еске сақтауын, түсініп оқу қабілетін арттырады.

Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушылары мәтінді бөліктерге бөліп, жоспар құруда да қиналатыны белгілі. Мәтінді бөліктерге бөлу үшін оқушы алдымен әр абзацты түсініп оқу керек. Біз оны сабақ барысында «үзіп оқу» технологиясы арқылы жүргіземіз. Яғни, оқушы бірінші абзацты оқыған соң тоқтатып, не туралы оқығанын, негізгі сөздерді анықтату арқылы жүргіземіз. Егер түсінбесе, сол бөлікті қайта оқытамыз. Мақсат қойып оқығандықтан, екінші оқығанда мазмұнын біршама түсінеді. Мәтінді осы ретпен оқытып шыққан соң екінші рет өздеріне жаппай ызыңдап оқуға мүмкіндік береміз. Мұндай оқудың да тәжірибе барысында тиімділігін байқадық. Сабақтың қорытынды бөлімінде оқушыларға орны ауыстырылған дайын жоспар ұсындық. Сабақ бойы бар зейінін жаңа сабақты түсінуге аударып отқан оқушылар бұл тапсырманы тез орындайды.

Мәтін тақырыбы: «Аурудан аяған күштірек»

«Адаққан сөйлемдер» әдісі

Тапсырма: төменде берілген адаққан сөйлемдердің ретін тауып, жаз.

№ Жоспар

Сейіттің шешесіне аяушылық көрсетуі
Сейіттің аяғын сындырып алуы
Сейіттің шыдамдылығы

Мәтін мазмұнын түсінген оқушылар бұл жоспардың ретін тез тауып жазды. Бұл әдістің де үш сабақ бойы тиімділігі анықталды.

«Топтастыру» әдісі

Мәтін тақырыбы «Аурудан аяған күштірек»

-Сейіт қандай бала?

Мақсаты: Мәтіндегі кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы жеке қасиеттерін тауып жазу [2, 49 б.].

Жұптық жұмыс	Жеке жұмыс
	
Көмекші сөздер: ұшқалақ, салмақты, сабырлы, көңілді, қорқақ, батыл, ұялшақ, жанашыр.	

Мәтіндегі кейіпкерлердің бойындағы ерекше қасиеттерді табу үшін «Кластер» әдісінің тиімділігін байқадық [3, 162-б.]. Жұптық жұмыста кейіпкердің тек атын ғана жазып берсек, жеке жұмыста С деңгейіндегі оқушыға көмекші сөздерді жазып беру арқылы тапсырманы орындаттық. Бұл әдісіміз де тиімді болды. Өйткені С деңгейіндегі оқушының сөздік қоры аз, орыс тілді бала болатын. Бірнеше рет осы әдісті қолданған соң қатар отырған оқушылардың достық қарым-қатынастары артып, бірігіп жұмыс істеу арқылы қабілеттерінің артқанын байқадық. Ал бұл әдіс арқылы жеке оқушының белсенділігі артып, өзіне деген сенімділік пайда болғанын аңғардық.

«Lesson Study» зерттеуінің бірінші циклінде оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыратын жоғарыда көрсетілген әдіс-тәсілдердің тиімділігін анықтадық. Нәтижесінде сыныптың әдебиеттік оқу пәніне деген қызығушылықтары артып, оқу сапасы біршама жоғарылады. Оны осы жұмыстардан соң, алған бөлім бойынша бағалауда байқадық. Әдебиеттік оқу сабағында қызықты әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалансақ, оқытудың пайдалы болатынына көзіміз жетті. Жұмыс әлі жалғасуда. Осы топпен басқа да пәндер бойынша зерттеу жүргізбекпіз. Кейбір балалар ақпаратты шығармашылық, жаңаша ұсынуды ұнатады. Сондықтан сараланған тәсіл мен дараландыруды жүзеге асыру қажет. Сабақтарда сіз «материал бөліктерін» мөлшерлеуіңіз керек, өйткені барлық балалар бірдей қарқынмен жұмыс істей алмайды, барлығы бірдей қабылдау техникасына ие емес.

Виртуалды кеңістікке жеке тоқталғымыз келеді. Әлемнің визуализациясының қиылысында пайда болған АКТ, INTERNET тұлғаның әлеуметтену процесінде орасан зор рөл атқарады. Бұл білім сапасын арттырудың тағы бір сенімді жолы, өйткені қазіргі уақытта оқушыны қызықтыру және ассоциациялық, яғни дыбыстық және бейнелік бейнелер арқылы оқыту оңайырақ. Ғаламтор желісі арқылы бейнежазбалар көрсетіп, ауызша өз пікірін білдіруге дағдыландыра аламыз. Ғылым мен техника дамыған сайын білімге қойылатын талаптар өседі, олардың шеңбері кеңейеді, жаңа сапалық белгілер қалыптасады. Демек, адамның функционалдық сауаттылығы оның микроқоғам жағдайына бейімделу қабілетінің көрсеткіші деп айта аламыз. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін тек сыныпта ғана емес, сабақтан тыс уақытта да арнайы білім беру ортасын құру қажет. Жоғарыда айтылғандардан функционалдық сауаттылыққа оқытудың тиімділігі мұғалімнің қазіргі ғылымның барлық жетістіктерін пайдалануға дайындығына, жоғары мәдениетті тұлғаны қалыптастыратын машықтар мен дағдыларды дамытуға байланысты екендігі шығады.

Әдебиеттер:

1. Абдрахманова Ж.Б., Биярова С.Б., Зейнолдина Г.Т. Lesson study: өзінің сабағын зерттеумен айналысқысы келетіндер үшін: Әдістемелік нұсқаулық.- Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 50 б.
2. Қабатай Б.Т. Әдебиеттік оқу 2-сынып\2 бөлім: Оқулық.- Алматы «Атамұра», 2017.-64 б.
3. Әлімов А.Қ. Оқытудағы интер белсенді әдістері: Оқу құралы.- Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 б.